



ШОК-тағы жұмыспен қамтылғандар санының экономикалық белсенді тұрғындардағы үлесі



ШОК субъектілерінің халықтың жан басына шаққандағы өнім шығарылымы



Қысқаша әдіснамалық түсіндірмелер

Шағын және орта кәсіпкерлер субъектілеріне қызмет түрлері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттелетін заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары жатады.

Заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны бір жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүлдікті жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі дара кәсіпкерлік болып табылады.

Тұлғалардың дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады.

Сізге бұдан да толығырақ ақпарат қажет пе?

Республикамыздың барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсынан таба аласыз.

«Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік» статистикалық жинағы 2014-2018 жылдар серпінінде 2019 жылғы қарашада қалыптастырылып, Комитеттің Интернет-ресурсының «Ресми статистика/Жарияланымдар/Статистикалық жинақтар» бөлімінде орналастырылады. Жинақта шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі экономикалық көрсеткіштері туралы материалдар ұсынылған.

Сондай-ақ, «Ресми статистика/Шағын және орта кәсіпкерлік» бөлімінде «Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі» жедел ақпараты ай сайынғы негізде жарияланады, одан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер бөлінісінде ақпаратты табуға болады.

Сіздің өзге де сұрақтарыңыз бар ма?

Құрылымдық статистика басқармасына хабарласыңыз:

Марина Владимировна Мисюра
Басқарма басшысы
Тел. +7 7172 749140
E-mail: m.misyura@economy.gov.kz

Арман Ертұлы Халетов
Бас сарапшы
Тел. +7 7172 749306
E-mail: ar.khaletov@economy.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 010000
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: kazstat.rk@gmail.com
Интернет-ресурсы: <http://stat.gov.kz>
Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

www.stat.gov.kz

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік



Сіз білесіз бе...

- 2018 жылы Қазақстан Республикасында ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың үлесі экономикалық тұрғындар белсенді халықтан 36,4% құрады. Осы көрсеткіш өткен 10 жыл ішінде 10,8% өсті

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі - ШОК) субъектілерінің саны 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1241,3 мың бірлікті құрады.

ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны 2019 жылғы 1 қаңтарға 3321,9 мың адамды құрады.

2018 жылғы ШОК субъектілерінің өнім (тауарлар мен көрсетілетін қызметтер) шығарылымы 26473,1 млрд. теңгені құрады.


ШОК субъектілері қызметінің негізгі көрсеткіштері

	2016	2017	2018
Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны, мың бірлік			
Барлығы	1 106,4	1 146,0	1 241,3
оның ішінде:			
шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	192,4	211,4	233,9
дара кәсіпкерлер	736,1	747,1	809,1
шаруа немесе фермер қожалықтары	177,9	187,5	198,3
Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам			
Барлығы	3 166,8	3 190,1	3 321,9
оның ішінде:			
шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарында	1 602,2	1 663,2	1 726,2
дара кәсіпкерлерде	1 288,2	1 240,9	1 315,2
шаруа немесе фермер қожалықтарында	276,4	286,0	280,5
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығарылымы, млрд. теңге			
Барлығы	19 609,0	23 241,1	26 473,1
оның ішінде:			
шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарымен	17 053,5	20 533,9	23 390,8
дара кәсіпкерлермен	1 511,7	1 554,7	1 765,0
шаруа немесе фермер қожалықтарымен	1 043,8	1 152,5	1 317,3

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	1 106,4	1 146,0	1 241,3
Ақмола	40,5	41,7	44,1
Ақтөбе	47,9	50,2	54,4
Алматы	108,0	109,9	115,6
Атырау	40,7	42,9	46,8
Батыс Қазақстан	36,2	37,1	40,1
Жамбыл	53,9	58,7	63,3
Қарағанды	79,4	79,3	84,0
Қостанай	47,7	48,2	51,1
Қызылорда	35,6	37,4	42,3
Маңғыстау	44,1	47,0	51,1
Павлодар	40,6	41,3	43,8
Солтүстік Қазақстан	27,7	27,6	29,0
Түркістан	119,4	123,0	130,8
Шығыс Қазақстан	87,0	80,0	87,7
Нұр-Сұлтан қаласы	92,9	97,3	124,7
Алматы қаласы	155,2	170,0	174,5
Шымкент қаласы	49,5	54,4	58,0

Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының құрылымы



ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	3 166,8	3 190,1	3 321,9
Ақмола	132,4	129,5	133,7
Ақтөбе	134,8	137,5	141,9
Алматы	258,0	239,9	253,1
Атырау	123,5	126,7	136,3
Батыс Қазақстан	106,9	113,1	115,1
Жамбыл	117,4	120,1	120,1
Қарағанды	230,8	232,2	238,0
Қостанай	151,2	154,4	160,0
Қызылорда	81,6	85,6	93,3
Маңғыстау	112,0	116,2	123,1
Павлодар	131,3	131,3	134,0
Солтүстік Қазақстан	102,5	102,4	105,1
Түркістан	198,1	197,5	204,8
Шығыс Қазақстан	234,7	227,5	232,2
Нұр-Сұлтан қаласы	325,2	328,2	375,8
Алматы қаласы	598,2	613,2	610,3
Шымкент қаласы	128,2	134,9	145,1

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысандар бөлінісінде ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны



Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының құрылымы



ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	19 609,0	23 241,1	26 473,1
Ақмола	587,3	653,4	785,7
Ақтөбе	660,2	757,4	894,9
Алматы	976,5	1142,5	1367,7
Атырау	967,7	1647,4	2385,6
Батыс Қазақстан	1 281,8	1 448,1	1 510,1
Жамбыл	381,6	431,1	479,6
Қарағанды	820,3	1031,6	1333,3
Қостанай	573,1	764,7	908,6
Қызылорда	266,4	325,9	380,6
Маңғыстау	878,5	784,8	943,3
Павлодар	524,1	745,5	745,7
Солтүстік Қазақстан	374,7	490,4	570,8
Түркістан	501,9	498,4	532,3
Шығыс Қазақстан	826,0	900,2	1037,3
Нұр-Сұлтан қаласы	4 297,8	4 888,9	4 886,2
Алматы қаласы	5 157,9	6 069,1	6 870,9
Шымкент қаласы	533,2	661,7	840,5

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысандар бөлінісінде ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы



Экономикалық қызмет түрлері бойынша ШОК субъектілерінің өнім шығарылымының құрылымы



Ұйымдастырушылық-құқықтық нысандар бөлінісінде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны



Тіркелген жалпы көлемдегі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің үлесі

